Кіріс/Вход. № 01-11/2021
«28» 11 2024 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 қазан №4712-24-00-2/3451 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «АТАС» атында әрекет етуші Налсейтова Әсем Ерсейтқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюы – толықтай қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «АТАС» атында әрекет етуші Налсейтова Әсем Ерсейтқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер ««АТАС» атында әрекет етуші Налсейтова Әсем Ерсейтқызынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов
Көшірмесі дұрыс
Судья А.Т.Бекболатов

Анықтама: Заңды күшіне 25.11.2024 жылы енді
Судья А.Т.Бекболатов